

"Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы N 262 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқарамасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 251 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 9 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5535 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 172 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.04.28 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы N 262 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1189 тіркелген), "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы N 262 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 9 қазандағы N 377 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1302 тіркелген), "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1189 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы N 262 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 302 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3221 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілері Бюллетенінде жарияланған, 2005 ж., N 9-13, 43- құжат), "Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы N 262 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 395 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3408 тіркелген), "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3868 тіркелген), " Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы N 262 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Агенттігі басқармасының 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 8 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5150 тіркелген), "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы N 262 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 30 маусымдағы N 91 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5296 тіркелген) енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге мынадай толықтырулар мен өзгерістер е н г і з і л с і н :

аталған қаулымен бекітілген Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру жөніндегі нұсқаулықта:

1 - т а р м а қ т а :

" жарғылық капиталдың" деген сөздерден кейін "немесе банктің баланс бойынша меншікті капиталының (есеп айырысу кезінде банктік операцияларды жүргізуге лицензия алынған сәттен бастап бір жыл ішінде жаңадан құрылған банкке арналған шағын шектер қолданылады)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Коэффициент үтірден кейін үш белгімен ұсынылады.";

3-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3- 1. Банктің жарғы капиталының, меншікті капиталының және реттелген борышының орташа айлық шектері жарғы капиталының немесе меншікті капитал сомасының (есеп айырысу кезінде банктік және өзге операцияларды жүргізуге лицензия алынған сәттен бастап бір жыл ішінде жаңадан құрылған банкке арналған шағын шектер қолданылады) және тиісті есепті кезеңнің жұмыс күнінің санына есепті кезеңнің әрбір жұмыс күнінің жағдайы бойынша реттелген

борышқа қатынасы ретінде есептеледі.";
 1 - қосымша дағы :
 мына жол алынып тасталсын :

"

Қазақстан Республикасындағы активтердің орташа айлық мөлшерінің жиынтығы									
--------------------------------------------------------------------------	--	--	--	--	--	--	--	--	--

" ;

"Жарғылық капиталдың орташа айлық мөлшері" деген сөздерден кейін " немесе банктің меншікті капиталы (есеп айырысу кезінде банктік және өзге операцияларды жүргізуге лицензия алынған сәттен бастап бір жыл ішінде жаңадан құрылған банкке арналған шағын шектер қолданылады)" деген сөздермен толықтырылсын ;

"ішкі міндеттемелердің" деген сөздер "ішкі және басқа да міндеттемелердің" деген сөздермен аустырылсын ;

2 - қосымша дағы :

7-реттік нөмірлі жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

7. Төленген жарғы капиталы (акциялар) немесе меншікті капитал (есеп айырысу кезінде банктік және өзге операцияларды жүргізуге лицензия алынған сәттен бастап бір жыл ішінде жаңадан құрылған банкке арналған шағын шектер қолданылады)									
----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--	--	--	--	--	--	--	--

" ;

соңғы жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

Ішкі міндеттемелердің орташа айлық сомасының, реттелген борыштың орташа айлық шегінің, банк шығарған борыштық бағалы қағаздардың орташа айлық шегінің, мерзімсіз қаржы құралдарының орташа айлық шегінің, жарғы капиталының орташа айлық шегінің немесе меншікті капиталдың орташа айлық шегінің жиынтық сомасы (есеп айырысу кезінде банктік және өзге операцияларды жүргізуге лицензия алынған сәттен бастап бір жыл ішінде жаңадан құрылған банкке арналған шағын шектер қолданылады)									
------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--	--	--	--	--	--	--	--

" ;

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі .

3. Стратегия және талдау департаменті (Әбдірахманов Н.А.):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар

бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

4. Ақпараттық технологиялар департаменті (Қ.А. Түсіпов) 2009 жылғы 1 сәуір мерзіміне дейін "Екінші деңгейдегі банктерден алынатын есептілік-статистикалық ақпаратты жинау және өңдеу" есептілікті қалыптастыруды автоматтандыру" автоматтандырылған ақпаратты шағын жүйесін пысықтауды қамтамасыз етсін.

5. Агенттіктің Төраға Қызметі (А.Ә. Кенже) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға а л с ы н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары Қ.Б. Қожахметовке жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова